

**"ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 377 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 218 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 181-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 377 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 29, 246-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 22 сәуірдегі  
№ 218 қаулысына  
қосымша Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 377 қаулысына  
1-қосымша

"ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін мемлекеттік органдардың өкілдері

Қасымбек Жеңіс Махмұдұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
Омаров Сапархан Кесікбайұлы	-	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Дәленов Руслан Ерболатұлы	-	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Шолпанқұлов Берік Шолпанқұлұлы	-	Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші вице-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК